

**Павлодар педагогикалық университеті педагогика жоғары мектебінің 6B021310 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына**

**П К І Р**

Павлодар педагогикалық университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша БОП-11қ. тобында оқитын 15 студент 24.01.2021 – 04.02.2021 аралығында Павлодар қ. №37 ЖОБМ-да психологиялық педагогикалық практикадан өтті.

Практикадан өту кезінде олар бағдарламалық материалдар мен кіші мектеп жасындағы балалардың психологиясын меңгергендерін, оқушылардың іс-әрекетін басқара білу қабілеттерін көрсетті. Алғашқы күндерден бастап студенттер сыныптағы балалармен оңай және тез байланыс орнатып, оларды өздеріне баурап алды, оқушылардың оқуға қызығушылығы мен сабақта белсенді жұмыс істеуге деген ынтасын оятты, түрлі іс-әрекет ұйымдастыра отырып әр балаға жол табуға ұмтылды, балаларға керегінде уақтылы көмекке келді, жігерлендірді, өз күшіне сенуге ықпал етті, кикілжің жағдайларының алдын ала білді.

Студенттер психологиялық-педагогикалық зерттеулер, ойындар мен физикалық минуттар өткізді. Балалармен сүйікті сабақтары, болашақ мамандықтары, салауатты өмір салты тақырыптарында көп әңгімелесті. Сынып мұғаліміне сынып пен үй тапсырмаларын тексеруге көмектесті. Сыныптан тыс шараларды үлкен жауапкершілікпен өз бетінше дайындап, өткізді, олар балалардың шығармашылық қабілеттерін, бастамалары мен қызығушылықтарын көрсетуге ықпал етті.

Практиканттар өз ісіне адалдығын, ұқыптылығын, бай шығармашылық әлеуетін байқатты. Олар көпшіл, білімді, сөйлеуі жақсы жетілген, көңілді, әртүрлі жағдаяттардан абыроймен шығу жолдарын меңгерген, өздерінің салмақты мінезге, ерік-жігерге, іскерлік қасиеттерге ие екендігін көрсете алды, оқушылар арасында беделге ие болды.

6B011310 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы жоғары құзыреттілігі бар бакалаврларды даярлау деңгейіне толық сәйкес келеді деп айтуға болады.

**Павлодар қ. №37 ЖОБМ**  
**директоры**



**Л.Б. Жүсіпова**